

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/PQBC6686>

***Қ. Т. Жанұзақова¹, Р. Ә. Құраған², М. Қ. Ахетов³**

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,

³М.О. Әуезов атындағы Әдебиет

және өнер институты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7170-8362>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-5420-3471>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0231-2553>

*e-mail: kuralay_zhanuzak@mail.ru

I. ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «ҚАҒАР» РОМАНЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР

I. Есенберлин - проза саласында аса жемісті еңбек етіп, артына мол мұра қалдырған туысы бөлек қаламгер. I. Есенберлиннің «Қағар» романында кеңінен қолданылған фольклорлық оқиғалар туындының көркемдік әлемінде салмақты орын алады. Жазушы қазақ халқының танымына сай оқиғаларды романның он бойына шебер өреді. Мақалада көрнекті жазушы I. Есенберлиннің «Қағар» романындағы фольклорлық сарын мәселесі, ауыз әдебиетіндегі бейнелер, архетиптер мен сюжеттік желілер қарастырылады. «Қағар» романында тарихи фактілерге негізделген сюжет арқауында кейіпкерлердің жан-жақты ішкі және сыртқы қарама-қайшылыққа толы тұлғалар екендігі көрсетіледі.

Романда кездескен көне фольклор көріністері, мифтік нанымдар, сараланып, өз кезегінде аңыз-әңгімелерге талдау жасалды. Қазақ халық ауыз әдебиетінде сақталған түс жору сарыны да сараланды. Жазушы «Көшпенділер» трилогиясында Шыңғыс хан әулетінің салт-дәстүрін бейнелеу үшін аңыздарды көп қолданған. Аңыздар шығармада орынды қолданылып, әрқайсысына түсінік беріледі. «Қағар» романында «Абылайдың түсі», «Кенесарының түсі» атты аңыздардың, мифтік элементтердің, жалпы фольклорлық сарынның көріністері шығарма идеясын айқындауда ерекше қызмет атқарғаны анықталады. Тарихи туындыларда ел аузындағы деректер арқылы,

ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, көпшілікке танылған айтулы тұлғалардың бейнелерін қайта жаңғырту үрдісі жиі кездеседі. Сонымен қатар бұл мақалада «Қаһар» романының көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасалады.

Кілтті сөздер: тарихи роман, фольклорлық сарын, архетип, мінез-құлық, ауыз әдебиеті, трилогия, сюжет.

Кіріспе

Қазіргі таңда әдебиеттің даму бағыттарына назар аударсақ, тарихи романдардың оқырмандар үшін өзектілігі артқанын байқаймыз, себебі қазақ жастары тәуелсіздік идеясы тұрғысынан өткені мен бүгінгі арасындағы байланысты орнату арқылы ұлттық танымды қайта қалыптастырып жатыр. Жалпы, тарихи роман ұлт өміріндегі белгілі бір дәуірдің бет-бейнесін, ұлт санасына әсер еткен тарихи оқиғаларды бейнелі жеткізуге және оның қоғамдық, саяси, мәдени және рухани тұрғыда сипаттауға тырысады.

Қазақ әдебиетінде осындай тұтас дәуірдің саяси, әдеби, мәдени болмысын бейнелейтін туынды ретінде Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын, оның ішінде осы мақалаға арқау болған үшінші кітабы «Қаһар» романын атап өтуге болады. «Қаһар» романының негізгі желісі XIX ғ. тарихи оқиғаларды, Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық көтерілісін сипаттайды. Қазақтың ұлттық санасында үлкен орын алатын бұл тарихи оқиғаның қоғамдық, саяси, мәдени аспектілері әлі күнге дейін әдебиеттану, әлеуметтану және тарих ғалымдарында талқыланып, талданып келе жатыр. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі тұста романның көркемдік құндылығы мен оның фольклорлық, тарихи негізін Қ. Алпысбаев [1], Ж. Дәдебаев [2], Т. Жұртбай [3], Т. Мекебаев, П. Бисенбаев [4], М. Балтымova [5], М. Кауа [6]. т.б. ғалымдар қарастырды.

Мақалада І. Есенберлиннің «Қаһар» романындағы фольклорлық сарынды зерттеу мақсаты қойылды. Ұлттың болмысын танытатын романның қазақ әдебиеті тарихындағы орны ерекше. Туындыдағы сан алуан кейіпкерлер мен олардың тұлғалық болмысының әрқырлығы шығарманы қазақ әдебиетінің классикалық туындысына айналдырды. Фольклорлық сарынды автор сюжетті байыту, халықтық дәстүрлерге тұспалдау әсерін жасау, сондай-ақ белгілі бір мәдени немесе эмоционалды мағыналарды жеткізу мақсатында қолданады. Осы мотивтерді зерттеу және талдау шығарманың тереңдігін және оның ұлттық болмыспен байланысын түсінуге көмектеседі.

Материалдар мен әдістері

«Қаһар» романындағы фольклорлық сарынды зерттеу үшін көркем мәтінді талдау, салыстырмалы зерттеу және этнографиялық зерттеулерге шолу жасалынды. Фольклорлық мотивтер мен олардың мәтіндегі рөлін

анықтай отырып, романның өзіне герменевтикалық талдау әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Роман тарихи тақырыпты арқау еткен толымды туындылардың бірегейі болды. Оны оқырмандар қауымы қазақ прозасының зор табысы, тың жаңалығы деп бағалайды. Сонымен қатар, туындыға талғампаз әдебиеттанушылар қауымы да жақсы баға берді. Шыңдығында, І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, соның ішінде «Қаһар» романы қазақ халқының ұлттық болмысын, мемлекеттігінің қалыптасу тарихын, даму жолын суреттейтін үлкен азаматтық, суреткерлік туындысы болғаны ақиқат.

Романдағы сансыз образдың ашылып, сурет, оқиға, тартыс жүйесінің нақты әрі бояулы болып берілуіне автордың фольклорлық материалды шығармаға дұрыс қоса білуінен шығады. Фольклорлық материалдың арғы жағын қазсақ тарихи дерек шығады. Автордың сол тарихи деректі сол күйінде пайдаланбай оған бояу қосып фольклорлық негізінде туындатуында үлкен мән бар. Ол кейіпкерлер образының ашылуы немесе оқиғаның барысына байланысты өрбиді.

Автор фольклорлық негізі бар оқиғаны ойдан алып құрастыра алмайды. Бірақ оқиғаны өзекті етуі үшін қиялдап қосудың болуы шарт. Халық ауыз әдебиеті болғандықтан, деректердің көбі халықтан жинақталып, архив төңірегінде талданған. Тағы сондай образды ашудағы фольклорлық материалды шебер қолданған тұсы – Саржан мен Есенгелдінің қаза табуы. Романда Саржан мен Есенгелдінің қаза табуын бекер көрсетіп отырған жоқ. Романда берілген оқиға мен түрлі жыр үлгілерін салыстырсақ, бәрі анық шыға келеді. Осы тарихи оқиғаны арнайы зерттеген Е. Бекмаханов монографиясында Саржан мен Жоламан батырдың өздігінен бастаған көтерілісі баяндалған [7]. Тарихи деректерде Саржан мен Есенгелдінің ауыл-ауылды аралап, жұртты патша үкіметіне және оларға қосылған ағасұлтандарға қарсы көтеріліске шығуға шағырып жүргені ақиқат. Тарихи деректерден алынған үзінділер мен оқиғалар романда көрініс тауып, оны ары қарай әрленуіне әкелді. Кенесары және оның серіктері жайындағы фольклорлық материалдар құндылығы осында, олардың көпшілігі ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Кенесары батырларының өз аузынан немесе көтерілісті өз көзімен көрген басқа да қатысушылардан жазып алған.

Автор шығармада оқиғаларға, тарихи деректерге сүйене отырып, материалдың өзіне қажетін сұрыптап алып, қажет емесін ой-толғаныстан өткізіп жазған болатын. Оған дәлел «Жасауыл қырғыны» оқиғасы. Романның бөлек жыр нұсқаларында Кенесары хан бастапқы оқиғаға қатыспайды, бірақ соның өзінде ол барлық оқиғалардың ұйытқысы болатынын аңғарамыз. Бұл

жердегі автор фольклорлық оқиғаны романға зекет жинаудағы маңыздылықты, хан ордасында дипломатиялық корпусстың дамып, орныққандығын көрсетуі үшін кірістірген.

«Жасауыл қырғыны» оқиғасында Байтабынның қаза болуы, Наурызбайдың қашып құтылуы, Жанғабыл бидің кегі, бәрі дерлік олардың образдарын одан әрі ашуға және жазушының фольклорлық деректі тиімді қолдануына әкелді. «Жасауыл қырғыны» оқиғасының берілуі тарихи шындық пен көркемдік шындықтың қатынасын көрсетеді. Романда «Жасауыл қырғыны» нұсқасы мен осы аттас жыр нұсқаларында айырмашылықтар бар. Салыстыру жасау арқылы, ұқсас тұстары мен айырмашылықтарын көруімізге болады. Мысалы, роман бойынша фольклорлық деректе Алтыбай деген кісінің аты аталмайды. Тек Кенесарының Жаппас руынан зекет жинауға Наурызбай мен Байтабынды жібергендігі баяндалады. Жаппас руының Қаракөз тармағынан шыққан биі Жанғабыл оларға тұзақ құрады. Ойынсауық құрып, қойындарына қыз салып берді. Түнде Наурызбай жасағының жігіттері мен Байтабын батыр қаза болды. Тек өз қойынында жатқан қыздан тұзақ екенін, өлтіргелі жатқандығын естіген Наурызбай батыр аман қалды. Көкір батыр екеуі Жаппас руының жеті жігітін найзамен қадап өлтірді. «Сұңқар өлген» төбесіндегі оқиғадан алты жыл өткеннен кейін Байтабын қаза болып, Кенесары жұртына үш күн жоқтау айтқызды. Өзі құлпытас орнатып, Байтабын қаза болған жерге «Байтабын даңызы» деген атау берді. Қазіргі Қостанай өңірінде орналасқан жер «Байтабын соры» деп те аталып жүр. Осы «Жасауыл қырғыны» аталған оқиғадан кейін Кенесары ашуына мініп, Жанғабыл би ауылдарын талқандауға көшті. Жанғабыл бидің өзі қашып құтылды. Кімнің дос, кімнің қас екенін айыра алмай қалған Кенесары ызаға булығып, қатыгездене түсті [8, 75-б.]. Оқиғаға басты өзек болып тұрған кісі – Жанғабыл би мен Алтыбай деген кісінің өлімі.

Фольклорлық негізі бар оқиғалардан хан Кененің өзіне қатысты деректерді де көп кездестіреміз. Кенесары хан романдағы басты кейіпкер болғандықтан, ол кісі туралы аңыз-әңгімелер ел аузында көп тараған. Автор сол оқиғаларды Кенесары ханның образын ашуға арқау етті. Тек қана образ емес, оның рухының жоғарылығын көрсету үшін де пайдаланды. Фольклорлық негіз тарихи деректен алынады. Фольклорлық негіз – тарихи оқиғалар мен жеке адамдарға қатысты оқиғаларға дұрыс баға береді. Роман Кенесары хан туралы болса да фольклорлық материалдар көбінесе оның қасындағы батырларға, халыққа негізделеді. Себебі, оның халқы болмаса оның тарихи негізі де болмайтын еді. Романға арқау болған оқиғаларға негізгі қатысушы – халық. Туындыда қазақ елінің өз азаттығы үшін күресін, батырлар ерлігін суреттейтін тұстар мол. Жазушы тәуелсіздікті армандаған, бірақ ол тұста азаттыққа жете алмаған халық трагедиясын бейнелеген.

Романның басты кейіпкері – Кенесары хан. Кенесары ханның бойындағы қасиеттер нағыз хан тұлғасына сай қасиеттер. Оқырманды табандылық пен тартысқа шақырады. Кенесары хан үлкен ойдың, намыстың, парасаттың адамы. Алға қойған мақсатына қандай жолмен болсын жетеді. Қанша жерден қаһарлы хан болғанымен бойынан бір аяушылық сезіліп тұрады. Ал ішінің ашынып тұрған тұсын хан шығармада былай жеткізеді. «Қаны басқаның – жаны басқа. Абылай атамның жолын қуып арпалысқа шыққанымда орыс пен қазақты біріктіру үшін шықты дейсің бе? Жоқ, Жүсіп, Ресей – дария, біз кішкентай ғана мөлдір бұлақпыз. Мөлдір бұлақ суы дарияға құйғанда несі қалады? Дария суы ащы болса, бұлақ суы да ащы болады, дария суы тұщы болса, бұлақ суы да тұщы болады. Бұлақтың бар болашағы тек дарияның ғана еркінде қалады. Менің күткенім сондай өмір ме? Жоқ, бұлақ дария болмай-ақ өз бетімен аға берсін дедім. Біз Ресей патшасына бағынсақ, ел деген аттан айырыламыз. Жоқ, қазақ бұрын Абылай ханға бағынса, енді оның немересі Кене ханға бағынады» [8, 228-б.]

Роман кейіпкерлерінің мінез-құлқы, архетипі мен әрекеттеріне келетін болсақ, І. Есенберлиннің жалпы «Көшпенділер» трилогиясына тән кейіпкердің шынайылығын атап өту керек. «Қаһар» романында осы кейіпкерлердің ішкі қарама-қайшылыққа толы тұлғалар екендігі көрсетіледі. Мысалы, Байтабын кейіпкері Кенесары хан кейіпкерінің мүдделесі, қолдаушысы болғанымен, іштей қанау мен қатыгездікті қаны сүймейтіні көрсетіледі. Кенесары жағдайында ол іштей білінсе, Ожардың жағдайында бұл мінезінің айқын белгісі ретінде соңғысының өлімімен аяқталады. Бұл кейіпкердің мінез-құлқына қарап, адамның қатыгездікке қастығы жағдайын көруге болады. Бұл кейіпкер жалпы қазақ фольклорынан бұрын кеңестік әлеуметтік-шындық жанрына тән халықшыл кейіпкердің архетипіне келеді. І. Есенберлиннің романдарына ортақ архетип деп осы «халықшыл» батырларды сипаттауға болады. Себебі, «Алмас қылыш» романдарында да осындай халықшыл кейіпкерлер бар. Бұл тарихи шығарманың халықтық айқындамадан жазылғанын көрмеу, сыпайылап айтқанда, білместік. Мұнда халықтың жақсы қасиеттерін бойына дарытқан Қобыланды, Қазтуған, Қотан, Саян, Орақ секілді ұнамды бейнелер қатары тарихи шындықтың дәлелі екенін көруге болады [9, 128-б.]. Кейіпкерлер ішінде Кенесары батырларына келсек, әрбірі осыған дейінгі қалыптасқан дала батырлықты сипатаушы соңғы жарқын үлгілері болып табылады. Олар Байтабын, Төлебай, Құдайменді, Жанайдар, Жоламан Тіленшіұлы, Ағыбай, Наурызбай, Бұқарбай, Басықара батырлар. Бұл кейіпкерлердің ішінде Ағыбай батырдың әрбір аты аталған тұстан оның образының биіктеген үстіне биіктей түскендігін көруге болады [10, 117-б.]. Яғни, батырлардың мінез-құлқы статикалық емес, динамикалық өзгеріске ұшырап отыратынын аңғаруға болады. Бұл олардың

қағидалары мен құндылықтарына сәйкес әр оқиғада қалай әрекет ету керек екендігін үйрететін сипатқа ие. Романдағы батырлар архетипін белгілі бір деңгейде ел ішінде ауызекі әдебиетте таралған батырлардың сипаттарымен қарастырамыз. Жанкештілік пен жауға шаба білудің осындай фольклорлық сарынын кітаптағы Ақмола бекінісіне шабуыл барысынан байқауға болады. Сәйкесінше, романда қазақ фольклорындағы «батыр» архетипі сипатталды. Ал, бұл архетипке қарама-қарсы қарапайым халыққа жаны қас болыс Қоңырқұлжа аға сұлтан Алпамыс батыр жырындағы қанаушы, антогонист «Ұлтан»-ға ұқсас сипатталады. Әлбетте, Ұлтаннан Қоңырқұлжаның айырмашылығы жасында шығар. Бірақ, жалпы халық пен батырларға деген қастығына қарап, белгілі бір деңгейде ұқсас сипаттарын бар деп айтуға болады. Осылайша, романдағы кейіпкерлер характерлерінің динамикада болуы тек қана сипаттауында ғана емес, халық пен саяси идеологияның әсерінен туындаған архетиптерге тән болуда екендігін байқауға болады.

Сонымен қатар, романда көне фольклор көріністері – мифтік нанымдар, анемистік түсініктер, тотемдік ұғымдар, т.б. кездеседі. Соның бірі монғолдардың бекзадаларын жерлеу дәстүріне байланысты аңызды атап өтуге болады. Өзге жұртқа қарағанда монғолдардың бекзадаларын жерлеуде екі айрықша дәстүрі болған. Бірі – қабірге қаза тапқан сұлтанмен бірге бекзаданың құлын салу, қазан толы ет, құмыра толы сүт қою, садақа етіп күміс, алтын білезік, сақина секілді қымбат заттарды салу. Бұл жердегі құлды зиратқа бірге салу оның қожайынына деген адалдығын білдірсе, асыл тастарды салу бекзаданың жанын қинауға келген періштелер алтынды алып, өлікке тиіспейді деген түсінік болған. Екіншісі – бекзаданың зиратын тірі жан білмеу үшін оны жерлеуге қатысқандарды түгел өлтіріп, қабір үстінен үйір жылқы өткізіп, жер бетін теп-тегіс етіп зиратын жасырған. Олардың ойлары бойынша кегі барлар бекзаданың өлігінен өшін алмасын, о дүниеде жаны тыныш болсын деген ойдан шыққан. Осы секілді аңыздар арқылы жазушы халықтың көне таным-түсінігін шебер көрсете білген.

Жалпы, миф – көркем шығарманың эстетикалық әсерін, эффектілік қуатын арттыратын тәсіл. Осы ретте Қ.Жанұзақованың: «Жазушылар өзінің өмірлік ұстанымына, адамгершілік өлшемдері мен көзқарастарына мифологиялық бастаулардан бағдар іздейді. Мифтік шығармашылық көркем шығарманың стильдік ерекшелігін, құрылымдық мәнін, идеялық, эстетикалық әсерін ұтымды бейнелеуге ықпал етеді» - деген пікірін келтіруге болады [11, 6-б.]. Мифтік элементтердің ХХ ғ. прозасының көркемдік жүйесін толықтыруда басты қызмет атқарғаны турасында белгілі әдебиеттанушы ғалым Е.Мелетинский ХХ ғ. жазушылардың мифологияға саналы түрде ден қоюы әдетте материалдардың көркемдікпен өрімделу құралы арқылы жүзеге асатынын жазады [12, 210-б.].

Сондай-ақ, жазушы «Көшпенділер» трилогиясында Шыңғыс хан әулетінің салт-дәстүрін бейнелеу үшін аңыздарды көп қолданған. Аңыздар шығармада орынды қолданылып, әрқайсысына түсінік беріледі. «Қаһар» романында кездесетін «Абылайдың түсі», «Кенесарының түсі» атты аңыздар да туындының идеясын айқындай түсуде үлкен қызмет атқарғанын байқай аламыз. Осылайша ауыз әдебиетінде сақталған сарын түс жору ұғымын пайдалану арқылы жазушы романға қосалқы қуат қосып, жай ғана баяндап қоймай, арасына кірістіре білуі де үлкен көркемдік тәсіл болып табылады.

Жазушының жазу стиліндегі бір шеберлігі мифтік аңыз, әпсана, хикаяларды тарихи фактімен байланыстыра отырып, шығарманың өн бойында тігісін жатқызып қолдана білген. Бұл туралы Р.М.Балтымова: «Көшпенділер» трилогиясында кеңінен қоланылған фольклорлық мотивтер және этнографиялық материалдар тарихи роман жазуда маңызды орын алады. Жазушы қазақ халқының бұрынғы дәстүрлерін, салттарын жаңғыртып, түркі, монғол халықтарының өте ертедегі тұрмыс көріністеріне тоқталады, бұл баяндау тәсілін жандандырып, романтизм рухын береді де, тарихи роман жанрын қызықты етеді. Романдағы жазушының кеңінен қолданған мифологиялық ертегілері, аңыз-әпсаналары шығарманың көркемдік, танымдық құндылығын арттыра түседі» - дейді [5, 125-б.].

Романның құрылымында фольклорлық үлгілер өте көп ұшырасады. Тек қана Кенесарының жеке басына қатысты емес, сол кісінің маңындағы батырлардың ерлігі мен бастан кешкен оқиғалары баяндалады. Ілияс Есенберлинге романды жазуда, фольклорлық материалдарды жинақтауда үлкен көмек тигізген Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліске қатысқан тұлғалардың қолжазбалары және қорда, архивта сақталған құжаттар еді. Батырлардың өзіне тән жеке фольклорлық үлгілерін автор жақсы таныта отыра Кенесарының бейнесін барынша ашып көрсетеді. Қазақ халқының басынан кешкен оқиғаларын біз Кенесары Қасымұлы туралы жиналған, жазылған тарихи-фольклорлық үлгілердің алуымызға болады. Бірі дәстүрлі сипатымен ерекшеленсе, бірі аңыздың негізінде пайда болған жер-су атауларынан шығып отыр. Кенесары ханның өзі туралы түрлі сипат алған үлгілермен қатар ханның төңірегіндегі батырлардың да үлесіне тиген үлгілер жетеді. Автор романның фольклорлық негізін таныта отыра материалдарды бірінен кейін бірін қатар пайдаланбайды. Керісінше таразыға салып, кемін жамап, сұрыптап немесе жинақтайды. Қиял мен материалдың арасы бөлініп, өзгертулер енгізіп, толықтырулар жасайды.

Романда кездесетін, нүктесін қоятын фольклорлық материалдың ең ірісі – Кенесары ханның қаза болуы. Романның соңында Кенесары ханның көрген түсі жайында баяндалады. Кенесары ханның көрген түсін тіпті Таймас пен Әбілғазы жоруға жүрексінді. Сонымен бірге Нысанбай жыраудың жоқтауы,

Кенесарының елімен қоштасуы бәрі дерлік фольклорлық үлгілер. Бұл жердегі каламгердің материалды беру себебі, Кенесары ханның серіктерінің ханға адалдығы мен ол үшін жанын беретіндігін көрсетуі болды. Қазіргі уақытта бұл туынды қазақ әдебиетінің ғана емес, әлемдік әдебиеттің қазынасына қосылған асыл маржандай. Дегенмен, оның классикаға айналуының басты себебі ретінде тек көркемдік мазмұны мен тарихи кейіпкерлерімен ғана шектелмей, жарияланған уақытынан қазіргі күнге дейін оқырмандардың көңілінде орын тауып жатқандығын атауға болады. Себебі, Кенесары тұлғасына әділетті баға бермекші болған Е.Бекмаханов секілді тұлғалардың қудалауға ұшырауы, «Қаһар» секілді романның жазылу, жариялануының өзін феномен етеді [13, 36-б.]. Тарихы төңкерістен кейін басталады деген кеңестік идеология әсерінен өткеніне балта шауып жатқан қазақ халқы бұл туынды әсерінен өзінің өткенін қайта еске алып, жария түрде болмаса да, іштей азаттыққа деген ұмтылысымен, отарлық езгіден құтылуды аңсау деген терең фольклорлық сарынға тән идеяға жол салды. Ал, қазіргі уақытта болса, жаңа буын үшін отарлық кезеңнің озбырлығынан сабақ алып, осындай жағдайды болдырмау керек деген тағылымдық идеяға толы роман екенін атап өту керек. Сонымен қатар, бұл роман көш бастап, басқа тарихи романдардың пайда болуына түрткі болып, дәстүрдің қалыптасуына мұрындық болды. Осылайша, «Қаһар» романы тек қана фольклорлық сарынды қолданып қана қоймай, жаңа буынға осы сарындағы кейіпкерлер, сюжеттік желілер мен өзге құндылықтарды жеткізуші «көпір» деп атауға болады.

Жазушы пайдаланып отырған фольклорлық дерек пен тарихи деректің түп төркіні бірдей болғанымен, сол деректі игерудегі, пайдаланудағы жазушының мақсаты басқа. Кенесары характерін тереңінен ашып, толықтыра түсу мақсатында оның тұсында болған, оның қатар үзеңгілестері жасады деген оқиғаларды іріктеп алып, оларға мүлдем басқа сипат береді. Кейіпкерінің ой-сезімі мен іс-әрекетін осы оқиғалар тізбегімен жарыстыра суреттеу нәтижесінде жазушы оның характерінің тереңде жатқанын, баспалап қана бой көрсететін құбылуларын мейілінше түбегейлі талдап, тыңғылықты саралауға мүмкіншілік тапқан. Сондай-ақ автордың бұл тәсілі кейіпкер характерінің даму логикасын дәлелді көрсету үшін пайдаланылады. Ілияс Есенберлинге тың оқиғалар желісін ойлап шығарғаннан гөрі, тарихтан белілі, бір сюжеттік желілерді немесе мотивтерді пайдалану әлдеқайда тиімді болды. Жазушының қиялы қанша жерден ұшқыр болғанымен, суреттелініп отырған дәуір тынысын шынайы таныту үшін, халықтың өлең – жырлары мен аңыздарының сюжет желілеріндегі деректерден бағалы, мәнді оқиғаларды ойлап таба қою қиынды. Ілияс Есенберлин өз шығармасында аңыздық оқиғаның мазмұнын сақтайды да, оның қалған құрамдас бөліктері мен нақты сипаттарын өз қалауына орай өңдеп, өзгертеді. Кенесарының тарихи дерек

пен фольклордағы образын екі түрлі деп жатады. Себебі, Илияс Есенберлин романында Кенесарының характерінің даму логикасын ашуға қызмет етсе, басқа тарихи деректерде басқа мақсатпен байланысты пайдаланады.

Қорытынды

«Қаһар» романы – әдебиеттің аса құнды мұрасы. «Қаһар» романында Кенесары ханның шынайы образы көрініс табады. «Қаһар» романын тек Кенесары ханның патша үкіметіне жасаған күресі деп қана түсінбеу қажет. Шығармада оқиғалар мен тарихи деректердің көптігі соншама, олардың әрқайсысында талай романның түйнегі жатыр. Қаншама романға жүк болатын тарихи оқиғалар осы «Қаһар» романында кішкентай детальдармен ғана аталып өтеді, қазақтың даласы, қаһармандары, аң-құсына дейін деректі бейнеленген. Өз бойына түрлі тарихи-фольклорлық материалдарды тізбектей тізіп, қай кезеңде де өз маңыздылығын жоймаған роман.

Роман құрылымында әрі мазмұндық, әрі формалық қазмет атқаратын фольклорлық үлгілердің бір тобы дәстүрлік сипатымен ерекшеленсе, енді бір тобы аңыз-әңгімелер мен жырлар болып келеді. Бірақ олардың жанрлық құрамдары әр түрлі. Фольклордың асыл үлгілері роман структурасына етене араласа отырып, өзінің өмір сүру, сақталу, жалғасу жолдарында жаңа форма табады. Әр материалдың өзіндік қолдану ерекшеліктері, сипаты бар. Илияс Есенберлин өзінің ойлаған ойларын, жинаған фактілерін, қалыптасқан концепциясын «Қаһар» романында толық жүзеге асыра алған секілді. Роман баспадан шыққанда түрлі қайшылықтар болып, жазушының қанша бейнет шегіп, нала болғаны белгілі. Фольклорлық материалдарды жазушы түрлі архив беттерінен іздеп, құжаттарды ақтарып, тарихты бір төңкеріп жазды. Халық аузынан жер-жерді кезіп жүріп жазып алынған шежірелерінің өзі бір төбе. Бір фольклорлық дерек арқылы бір батырдың образын айқындап, оқырманға танымдық-тәрбиелік мән үстей алды. Романдағы басты кейіпкерлердің барлығының да характерлері толық ашылып, өздерінің бір-біріне ұқсамайтын даралық сипаттары жақсы танылды. Илияс Есенберлин еңбегі – өшпейтін еңбек. Ол кісі ұрпақты жігерлі болуға, табандылыққа, қайсарлыққа, туған халқының алдындағы азаматтық борышын терең сезінуге үндеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Алпысбаев, Қ.** Илияс Есенберлин және Тарих: таным мен тағылым. – Алматы : Таймас, 2008. – 232 б.
- 2 **Дәдебаев, Ж.** Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы : Ғылым, – 1991. – 208 б.

- 3 **Жұртбай, Т.** Ұраным Алаш! Тез. 2 том. – Алматы : Ел - шежіре, 2011. – 464 б.
- 4 **Мекебаев, Т., Бисенбаев, П. М.** XIX ғасырдағы тарихи жырлар: оқу құралы / Т. Мекебаев, П. Бисенбаев. – Алматы : Қазақ университеті, 2014. – 309 б.
- 5 **Балтымова, М. Р.** Илияс Есенберлиннің тарихи романдары: шеберлік пен көркемдік. Монография. – Алматы : «Отан», 2015. – 168-б.
- 6 **Кауа, М. Ү.** İlyas Esenberlinin Köşpendiler romanı üzerinde Kazakça dil incelemesi (Giriş-metin-dizinler). – 2012.
- 7 **Бекмаханов, Е.** Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. – Алматы, 1994. – 416 б.
- 7 **Есенберлин, І.** Көшпенділер. – Алматы : «Жазушы», 1976. – 322-б.
- 9 Садықова, А. Т., Кабдырашева, Б. Н. І. Есенберлин шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі // Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. – Т. 122. – № 1. – Б. 125–131.
- 10 **Жақулаев, А. М., Бабашов, А. М. І.** Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Ағыбай батыр образы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – Т. 110. – № 2. – Б. 114–124.
- 11 **Жанұзақова, Қ. Т.** Мифопоэтикалық парадигмалардың романтизмнің эстетикалық жүйесіндегі көркемдік функциясы. Түркология, 2010. – № 1–2.
- 12 **Meletinsky, E.** The poetics of myth. Translated by Guy Lanoue and Alexandre Sadetsky. Routledge. – 2000.
- 13 **Мажитов, С. Ф.** Трансформация феноменов истории в судьбе историка Ермухана Бекмаханова // Правовое и экономическое пространство государства : проблемы теории, истории и практики. – 2016. – С. 33–42.

References

- 1 **Alpysbaev, K.** İlyas Esenberlin jane Tarix : tanım men tagılım [İlyas Esenberlin and History : Knowledge and Teaching]. – Almaty : Taimas, 2008. – 232 p.
- 2 **Dadebaev, Zh.** Omir şhındıǵı jane korkemdik şeşhim [Reality of life and artistic decision]. – Almaty : Science, 1991. – 208 p.
- 3 **Jurtbay, T.** Uranum Alash! Tez [My motto is Alash! Quick]. 2 volumes. – Almaty : El-shezhire, 2011. – 464 p.
- 4 **Mekebaev, T., Bisenbaev, P. M.** XIX gasyrlardagu tarixi zhurlar [Historical poems of the 19th century: educational tool] / Vol. Mekebaev, P. Bisenbaev. – Almaty : Kazakh University, 2014. – 309 p.

5 **Baltymova, M. R.** Ilyas Yesenberlinniñ tarihi romandary: sheberlik pen kórkemdik [Historical novels of Ilyas Yesenberlin: skill and artistry]. Monograph. – Almaty : «Otan», 2015. – 168-p.

6 **Kaya, M. Y.** Ilyas Esenberlinin Köşpendiler romanı üzerinde Kazakça dil incelemesi (Giriş-metin-dizinler). – 2012.

7 **Yesenberlin, I.** Kóshpendiler [Nomads]. - Almaty: «Writer», 1976. – 332 p.

8 **Bekmakhanov, E.** Qazaqstan XIX gasırdıng 20-40 jıldarında [Kazakhstan in the 20s–40s of the 19th century]. – Almaty, 1994. – 416 p.

9 **Sadykova, A. T., Kabdyrasheva, B. N. I.** Yesenberlin shygarmalaryndağy tarihi tulğalar beinesi [Images of historical figures in the works of I. Yesenberlin]. // L. N. Gumilev atyndağy Euraziya ulttyq universitetiniñ habarshysy. Filologiya seriyasy. – 2018. – T. 122. – № 1. – P. 125–131.

10 **Zhakulaev, A. M., Babashev, A. M. I.** Yesenberlinniñ «Qahar» romanındağy Ağyбай batyr obrazı [The image of Agybay batyr in the novel «Qahar» (Fury) by I. Yesenberlin]. // Qaragandy universitetiniñ habarshysy. Filologiya seriyasy. – 2023. – T. 110. – № 2. – P. 114–124.

11 **Zhanuzakova, K. T.** Mıfopoetikalyq paradıgmalarynıñ romantizmniñ estetikalıyq zhúiesindegi kórkemdik funktsıasy. [Art aesthetic function of romanticism myth poetical paradigm]. Túrkologiya, 2010. – № 1–2.

12 **Meletinsky, E.** The poetics of myth. Translated by Guy Lanoue and Alexandre Sadetsky. Routledge. – 2000.

13 **Mazhitov, S. F.** Transformatsia fenomenov istorii v sud'be istorika Ermuhana Bekmakhanova. [Transformation of historical phenomena in the fate of the historian Ermukhan Bekmakhanov]. // Pravovoe i ekonomicheskoe prostranstvo gosudarstva: problemy teorii, istorii i praktiki. – 2016. – P. 33–42.

30.01.24 ж. баспаға түсті.

25.07.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*К. Т. Жанузаков¹, Р. А. Кураган², М. К. Ахетов³

^{1,2}Қазақский национальный женский педагогический университет, Республика Казахстан, г. Алматы

³Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова, Республика Казахстан г. Алматы

Поступило в редакцию 30.01.24.

Поступило с исправлениями 25.07.24.

Принято в печать 25.11.24.

ФОЛЬКЛОРНЫЙ МОТИВ В РОМАНЕ «ХАН КЕНЕ» И. ЕСЕНБЕРЛИНА

И. Есенберлин – выдающийся писатель, очень плодотворно работавший в области прозы и оставивший после себя богатое наследие. В романе «Хан Кене» фольклорные события, которые широко используются, занимают значительное место в художественном мире произведения. Писатель умело вплетает в роман истории казахского народа. В этой статье рассматривается фольклорный мотив романа «Хан Кене» И. Есенберлина. В ходе исследования были выявлены образы, архетипы и сюжетные линии в устной литературе, использованные в романе «Хан Кене». В «Хан Кене» персонажи не односторонние, наполненные историческими фактами личности, а разносторонние, с полными внутренними и внешними противоречиями. Также были проанализированы сцены древнего фольклора и был проведен анализ мифических образцов и сказаний. Писатель в трилогии «Кочевники» много использовал мифов, чтобы изобразить обычаи династии Чингиз хана. В произведении к мифам были даны объяснения к ним. В романе встречаются такие мифы, как «Сон Абылая», «Сон Кенесары». Проявление таких фольклорных мотивов сыграло особенную роль при определении идеи произведения. В исторических произведениях часто прослеживается тенденция воссоздания образов известных личностей, передаваемых из поколения в поколение. Кроме того, в данной статье был проведен анализ содержания романа «Хан Кене».

Ключевые слова: исторический роман, фольклорный мотив, архетип, поведение, устная литература, трилогия, сюжет.

*К. Т. Zhanuzakova¹, R. A. Kuragan², M. A. Ahetov³

^{1,2}Kazakh National Women's
Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

³M. O. Auezov Institute
of Literature and Art,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 30.01.24

Received in revised form 25.07.24.

Accepted for publication 25.11.24.

**FOLKLORE MOTIF IN THE NOVEL «KHAN KENE»
OF I. YESENBERLIN**

This article examined the folklore motif of the novel «Khan Kene» by I. Yesenberlin. During the research, images, archetypes and storylines in oral literature used in the novel «Khan Kene» were identified. In the very first novel written, «Khan Kene», it is shown that the characters are not one-sided, filled with historical facts of personality, but versatile, with complete internal and external contradictions. At the same time, it can be noted that one of the elements used as folklore motifs of the novel is the use of proverbs and sayings in the novel. The scenes of ancient folklore found in the novel were also analyzed - mythical beliefs, lies. In turn, the analysis of totemic, mythical samples and legends was carried out. The motives of color painting preserved in the Kazakh folk oral literature were also analyzed. The writer in the Nomads trilogy used a lot of myths to depict the customs of the Genghis Khan dynasty. The myths were used correctly in the work, and explanations for them were also given. In the novel «Khan Kene» there are such myths as «Abylaidyn tysi», «Kenesaryn tysi». The manifestation of such folklore motifs played a special role in determining the idea of the work. In the works of most Kazakh writers, there is often a tendency to recreate images of famous personalities passed down from generation to generation through data from the mouth of the country. In addition, this article analyzes the content of the novel «Khan Kene».

Keywords: historical novel, folklore motif, archetype, behavior, oral literature, trilogy, plot.

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz